

политики, необходимо не забывать о подобных происшествиях для недопущения их повторения.

Литература:

- 1 Елеуханова С.В. История Карлага: охрана, режим и условия содержания заключенных (1930-1956 гг.) Автореферат дис. канд. ист. наук. – Караганда, 2009
- 2 Хван Е. Японец из Караганды: узник обжигающих ветров. Электронный ресурс. Режим доступа//<http://www.karagandainform.kz/stati/karaganda2/128-yarones-iz-karagandy-uznik-obzhigayuschih-vetrov.html>
- 3 Дулатбеков Н.О. Японские военнопленные в Карагандинской области. – Караганда, 2011.
- 4 Бекмагамбетов Р.К. Использование труда иностранных военнопленных Второй мировой войны в народном хозяйстве Казахстана 1941-1951гг.: Автореф. дисс. на соиск. уч. степ. канд. истор. н. – Алматы, 2008.
- 5 Электронный ресурс //www.caravan.kz/gazeta/poslednijj-svidetel-i-poslednijj-samurajj-53961

Таледжан Н.А., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, философия және психология факультеті, Р-21 тобы, студент
(*Ғылыми жетекші – психология ғылымдарының магистрі, аға оқытушы Нұрғалиева С.М.*)

ҒАЛАМТОРҒА ТӘУЕЛДІЛІК ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

Адамзат өркениеті ақпараттық қоғамның дамуын басынан өткеріп жатқан қазіргі кезеңде ғаламторды қоғамның барлық саласында қолдану кең таралған. Уақыт өте келе ғаламтордың қолданылу мүмкіндігі мен оның адамзат баласына әсер ету ауқымы барынша артып, адамның, қоғамның игілігі үшін ойлап табылған интернет желісі қазіргі кезде өз пайдасымен қатар зиянды жақтарының жоқ емес екендігіне тұтас қоғамның көзін жеткізді.

Компьютер мен ғаламтордың шектен тыс қолданылуы қоғамға, адамзат баласына аса зор қауіп төндіріп тұрған өткір де өзекті мәселе – ғаламтор-аддикцияның (ағыл. addiction — тәуелділік, зиянды әдет) пайда болуына әрі кең таралуына жол ашты. Ғаламтор-аддикция – адамның ғаламтор көзіне қосылуға деген құмарлығымен және ғаламтордан уақытында шыға алмауымен байланысты тәуелділіктің бір түрі. Ғаламторға тәуелділік феномені шетелдік психологиялық мектептерде 1990 жылдардан бері оқытылып келеді. «Ғаламтор-аддикция» ұғымын 1996 жылы А.Голдберг ғаламторда себепсіз ұзақ уақыт өткізуді сипаттау үшін ұсынған.

Ғаламторға тәуелділіктің туындауы шылымқұмарларды, нашақорларды, маскүнемдерді немесе патологиялық ойыншыларды бақылау нәтижесінде пайда болған заңдылықтарға бағынбайды. Егер дәстүрлі тәуелділіктердің қалыптасуына бір жыл қажет болса, ғаламторға тәуелділіктің қалыптасуына керекті мерзім күрт қысқарады. К.Янгтің деректері бойынша, ғаламторға тәуелділердің 25%-ы ғаламтор желісінде жұмыс істеуді бастаған уақыттан кейінгі жарты жылдың ішінде, ал 58%-ы – екінші жарты жылдығында, 17%-ы – жыл өткен соң тәуелділікке шалдыққан [1, 24–29].

Өткір мәселелердің қатарын толықтырып тұрған осы бір тәуелділіктің себебін және де оны қалыптастыруға әсер ететін факторларды анықтау өте маңызды деп саналады.

Ғаламторға тәуелділіктің пайда болуының себептері әр түрлі болуы мүмкін, бірақ солардың ең негізгілері – шынайы өмірде түсіністік пен достардың болмауы, жаңа ортаға бейімделудің қиындығы, кінәмшілдіктің жоғарылығы, тұлғаралық қарым-қатынасты құра алмау. Осының барлығына адам жалған достарымен виртуалды әлемде қол жеткізуге тырысады [2, 73].

Сонымен қатар, ғаламторға тәуелділіктің басым себептері ретінде жалғыздық, қарым-қатынастың, жақындармен байланыстың жоқтығы қарастырылады. Жалғыздыққа ұшыраған адам айналасынан қолдау таппаған соң, ғаламторда өзіне назар аударатын әр түрлі топтар

мен адамдармен байланысқа түседі. Отбасында, өмірінде келеңсіздіктер жиі орын алатын, депрессияға шалдығуға бейім тұратын адамдар басына түскен қиыншылықтарды ұмыту мақсатымен шынайы өмірден қол үзіп, виртуалды әлемде өзіне қуаныш, тыныштық сыйлайтын әрекеттермен шұғылдана бастайды.

Янгтің деректемелері бойынша, ғаламторға тәуелділер ғаламторды әлеуметтік қолдау табу (белгілі бір әлеуметтік топқа мүше болу есебінен: чаттарда немесе телеконференцияларда қатынасу); сексуалдық қанағаттану; қоршаған ортаның белгілі бір реакциясын туғызатын «адам жасай алатын» мүмкіндікке, қоршаған ортаның мақұлдауы мен мойындауына ие болу мақсаттары үшін пайдаланады [3, 24-29].

Осы мәселе төңірегінде зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдар ғаламторға тәуелділіктің пайда болуының нақты әлеуметтік-психологиялық себептерін айқындаған.

Олар:

–**Қоршаған ортаға бейімделе алу қабілеті.** Адамның қоршаған ортаға бейімделу қабілеті неғұрлым төмен болса, соғұрлым адамның ғаламтор көзінің торына түсу ықтималдығы жоғары болады;

–**Эскапизм,** яғни адамда эскапизмнің көрсеткіші қаншалықты жоғары болса, соншалықты адамның ғаламторға тәуелділікке түсу мүмкіндігі жоғары;

–**Лабильділік,** яғни оның деңгейі жоғарылаған сайын ғаламторға тәуелділік деңгейі төмендейді;

–**Агрессия,** яғни агрессивтілік көрсеткішінің жоғары болуы ғаламторға тәуелділік себептерінің бірі есебінде саналады;


–**Қорқыныш.** Тұлға өмірінде қорқыныш, үрей сезімдерін басынан көп өткерсе, оның ғаламторға деген тәуелділігінің пайда болуына жол ашылады.

Т.С.Спиркинаның, К.Янгтің айтулары бойынша, ғаламторға тәуелділік негізгі үш сатыдан тұрады:

1. Желінің жаңа мүмкіндіктеріне қызығушылықтың пайда болуы мен желімен танысуы;
2. Желі адамның маңызды өмір сүру салаларының орнын алмастыра бастауы;
3. Ғаламторға толық тәуелділіктің қалыптасуы.

Ресми статистикалардың мәліметтері бойынша, әлемде ғаламторға тәуелді адамдардың саны ғаламтор қолданушылардың 10%-на жуығын құрайды [4, 28].

Бүгінгі күні ғаламтор әлемнің барлық дерлік елдерінде қолданысқа еніп, желідегі ақпараттар жоғарғы жылдамдықпен таралуда (1-сурет).



1-сурет. Ғаламторды қолдануы бойынша алдыңғы қатардағы елдер

К.Янг ғаламторға тәуелді адамдарды зерттей келе, олардың чаттарды (37%), телеконференцияларды (15%), E-mail-ды (13%), WWW-ды (7%), ақпараттық хаттамаларды (ftp, gopher) (2%) жиірек пайдаланатынын анықтады [1, 33-34].

Ғаламторға тәуелдікке ұшыраған жандар өздеріне тән ерекшеліктерінің, жүріс-тұрысының бар болуымен сипатталады.

Питтсбург университетінің профессоры Кимберли Янг ғаламторға тәуелділіктің келесі белгілерін сипаттап көрсетті:

–Электронды поштаны тексеруге зор ынтаның болуы;

–Ғаламторға келесі кіруді үнемі күту;


–Қоршаған ортадағы адамдардың адамның көп уақытын және көп қаржысын ғаламтор көзіне жұмсайтындығына шағымдануы.

О.М.Шахмаратова және Е.Ю.Болтага әлеуметтік медияға тәуелділіктің келесі белгілерін бөліп көрсетеді:

–Адам он-лайн кеңістігінде уақытының көп бөлігін одан тысқарыға қарағанда көбірек өткізеді;

–Адамның негізгі уайымдары виртуалды шынайылықта болып жатуымен сипатталады, яғни үнемі желіге кіріп, соңғы жаңалықтарды білуге деген ынтасы болады [5, 342-347].

Төмендегі 2-суретте ғаламторға тәуелді жандардың көзқарасы бойынша ғаламтордың тартымды ерекшеліктері көрсетілген.



2-сурет. Ғаламтордың тартымды ерекшеліктері.

А.Е.Войсунский ғаламтор-аддиктің келесі жүріс-тұрыс мінездемесін көрсетеді: ғаламтормен байланысты жұмыстан қысқа уақытқа болса да көңіл аударуға деген қабілетсіздік және ынтасыздық; ғаламторда жұмыс істеуді қамтамасыз ету үшін қомақты қаржыны жұмсауға ниеттену; ғаламторда жұмыс істеу жиілігін және ұзақтығын азайтуға байланысты достарын және отбасы мүшелерін алдауға дайын болу; ғаламторда жұмыс істеу барысында үй шаруаларын, оқуды және қызметтік міндеттерін ұмытып кетуге бейім болу; эмоциялық жоғарылауды сезіну және өзіндік эйфорияға қол жеткізу мақсатында қорқыныш пен депрессиядан арылуға талпыну; жақындарының немесе басшылығының жағынан осындай өмір сүру салтына қатысты сынды қабылдай алмау; ғаламтормен шамадан тыс жұмыс жасау себебінен отбасының күйреуіне, достарын және қатынасатын адамдарын жоғалтуына көндігуге дайын болу; өзінің денсаулығына бей-жай қарау және, көбінесе, ұйқы уақытының бірден қысқаруы немесе т.б. [6].

В.Д.Менделевич ғаламторға тәуелді адамдардың келесі түрлерін бөліп көрсетті:

1. Ғаламтор-гемблерлер – әртүрлі ғаламтор ойындарын, тотализаторларын, аукциондарын, лотереяларын қолданатын адамдар;

2. Ғаламтор –еңбекқорлар –өзінің жұмысбастылығын желіде жүзеге асырушылар (деректемелер негізін іздеу, бағдарламалар құрастыру және т.б.);

3. Ғаламтор-сексоголиктер –әр түрлі порносайттарға кіріп, виртуалды секспен айналысушылар;

4. Ғаламтор-эротоголиктер – желі көмегі арқылы махаббат құратын, танысатын сүйіспеншілікке тәуелді адамдар;

5. Ғаламтор – сатыпалушылар – шексіз онлайн сатып алулар арқылы қаржысын жұмсауға деген тәуелділігін жүзеге асырушылар;

6. Шынайы қарым-қатынасқа тәуелділікті виртуалды қарым-қатынас пен алмастыратындар, яғни сағаттар бойы чаттарда тілдесетін, электронды поштасын шексіз тексере беретін және т.б. амалдарды жүзеге асыратын ғаламторға тәуелділер [4, 130-131].

Ғаламтор мен оны дұрыс пайдалана алмау себебінен пайда болған ғаламдық өткір мәселе – ғаламтор-аддикция қоғамға және оның барлық салаларына, сонымен қатар, оның бөлінбес бөлшегі саналатын адамзат баласына өзінің ықпалын тигізетін әлеуметтік және психологиялық жағымсыз салдарларын туғызып отыр. Ғаламторда уақыттың көп бөлігін өткізу қарым-қатынаста, оқуда немесе жұмыста қиыншылықтардың тууына, әлеуметтік және саяси енжарлық танытуға бастама болады әрі адамдардың ғаламторға тәуелділігі олардың қоғамдағы өзгерістерге бейімделуіне кедергі келтіреді.

Тұлғаның әлеуметтік жүріс-тұрысын зерттеумен айналысатын Лондон университетінің ғалымдары виртуалды кеңістікте 2 сағаттан 3 сағатқа дейінгі аралықтағы уақытын өткізетін адамдар өзге адамдармен хат алмасуда да, «тірі» әңгімелесуде де еркін қарым-қатынас жасайтындығын көрсеткен экспериментке куә болған. Ал монитор немесе ұялы телефон экранына 3 сағаттан 5 сағатқа дейінгі аралықтағы уақытын бөлетін адамдар хабарламалармен немесе чаттармен тілдескенді жөн деп санайды [6]. Американдық ғалымдардың ойынша, соңғы 35 жылда адамдардың қоғамдық қарым-қатынасы біршама қысқарды [7, 246-247].

Айта кету қажет, ғаламторға тәуелділік нәтижесінде тіпті адамдар вербалды қарым-қатынас жасау дағдысын да жоғалтады. Мысалы, тілдесу барысында бір-бірлерінің көздеріне қарай алмайды. Өкінішке орай, қазіргі таңда әлеуметтік желілердің себебінен «мәңгүрттенген» миллиондаған адамдар бар және олардың саны ұлғаюда. Қоғам қазір жадыны жақсартуға арналған дәрілерді бұрынғығы қарағанда үш есе артық қолданады, ал әлеуметтік желілерге деген қызығушылықтың жоғарылауы қоғамда бұдан артық кері кетудің орын алатындығына уәде береді. Әлеуметтік желілер адамға басқалардың пікірін жағдайды сараптамай қабылдауға үйретеді. Ғалымдардың пікірі бойынша, ғаламтор-тәуелділік аутизмге және тұлғаның толық құлдырауына әкеп соғады [8].

Ғаламтордың әсерінен адамдардың қоғамнан, ондағы болып жатқан оқиғалардан қол үзіп қалуы, шынайы өмірді виртуалды өмірмен алмастыруы тұлға өмірінде қиыншылықтардың пайда болуына, оның психологиясына тікелей әсер етіп, суицидке алып баруына түрткі болуы таңқаларлық жағдай емес. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының болжамдарына сәйкес, 2020 жылдары әлемде жыл сайын 1 500 000 суицид орын алуы мүмкін. Әрине, атап өткен суицидтердің барлығы дерлік ғаламтор желісінің әсерінен орын алмаса да, суицидтің ең негізгі себебі психологиялық күйзелістер мен кері кетулер екендігіне сүйене отырып, ғаламторға тәуелділік өз-өзіне қол жұмсаулардың болуына өз ықпалын тигізеді деп нық сеніммен айта аламыз.

Ғаламторға тәуелділіктің нәтижесінде орын алатын ең басты әлеуметтік мәселелердің қатарына ғаламтордың отбасылық және некелік қарым-қатынасқа әсер етуі жатады. Қазіргі уақытта отбасылық өмірде қиыншылықтардың, келіспеушіліктердің пайда болуына ғаламтордың, яғни отбасы мүшесінің ғаламторға тәуелділігінің әсері бар. Ажырасулар ерлі-зайыптылардың біреуі ғаламторға тәуелді болған жағдайда сирек болса да, ұшырасып отырады. Ал ғаламторға тәуелді ата-ананың немесе баланың пайда болуы отбасында зорлық-зомбылықтың, күш көрсетудің орын алуының бір себебі болып табылады. Сол себепті адамзат қоғамын алаңдатып отырған ғаламторға деген тәуелділік әрқайсымыз ой салатын өзекті мәселе ретінде қарастырылады. Өскелең ұрпақты, жалпы қоғамның барлық мүшелерін ғаламторға тәуелділіктен қорғау қоғамдағы әрбір азаматтың борышы деп санаймыз. Осыған орай замандастарымызға:

- Ғаламторды тиімді әрі қажетті уақыт ішінде ғана пайдалануға әдеттенуді;
- Ғаламтор ақпараттарына сыни көзқараспен қарап, жағары талғамдылық танытуды;
- Бос уақытты белсенді әрі пайдалы ұйымдастыра білуді;

• Шынайы өмірде үйлесімді қарым-қатынас орната алу және т.б. сияқты ғаламторға тәуелділіктің алдын алатын қарапайым қағидаларды есте сақтауын ұсынамыз.

Өйткені, әрбір тұлға – өз уақытының, өз өмірінің қожасы әрі өз ғұмырын түрлі-түсті бояулармен әсемдейтін суреткер. Шынайы қарым-қатынас ғаламтор көзінде емес, үздіксіз қозғалыстар болып жататын шынайы өмір мен жаныңда жүрген жақса адамдар арасында деп білеміз.

Әдебиеттер:

1. Янг, К.С. Диагноз Интернет-зависимость / К.С. Янг // Мир Интернет. 2000. № 2. – 68 с.
2. Егоров, А. Ю. Нехимические зависимости. — СПб.: Речь, 2007. — 190 с.
3. Янг К.С. Диагноз интернет-зависимость. Мир Интернет 2000. -127 с.
4. Войскунский А.Е. Феномен зависимости от Интернета // Гуманитарные исследования в Интернете / под ред. А.Е.Войскунского. –М.:Можайск-Терра, 2000.– 280 с.
5. Якоба И.А. Интернет как средство социальной коммуникации: особенности виртуального общения // Вестник ИрГТУ. -2011. - № 8. – 462 с.
6. Ученые выяснили, что социальные сети ведут к деградации личности, Портал города Подольск [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://podolsk50.ru/news/uchenye_vujasnili_chno_socialnye_seti_vedut_k_degradacii_lichnosti/2013-12-05-406
7. Griffiths M. Internet addiction: Fact or fiction? Psychologist. 1999. V.12. N.5. P. 362.
8. Бабаева Ю.Д., Войскунский А.Е. Проблемы детей одаренных в области ИТ// Аутизм [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.autism.ru/read.asp?id=121&vol=0>

Турекулова С. С., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, ҚЖ-32 тобы, студент
(*Ғылыми жетекшісі - психология магистрі, шет тілі пәнінің аға оқытушысы Рахметуллина М.А.*)

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ФРАНЦУЗ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Қазіргі таңдағы журналистика – саналы жанның әлеуетін ашуға, қоғамдық қатынастарды реттеуге, мемлекет пен халық үшін маңызды ақпараттарды таратып, талқыға түсіруде маңызы зор сала. «Төртінші билік» ұғымына ие болып үлгірген, тарихы тереңде жатқан журналистиканың бүгінгі таңдағы орны әр елде сан-қилы. Өз елімізде бізді «өңкей өсекқұмарларға», «сауатсыздарға» «этика мен эстетикада дәрежесі төмендерге», «нансоғарларға» теңейтіндер саны біртіндеп артуда. Онан қала берді, технология неғұрлым дамыған сайын, журналистерге сұраныстың соғұрлым төмендейтінін дәлелдемек болып жүргендер де бар. Ендеше тарихқа зер салайық.

Қазақ даласында журналистиканың пайда болуы сонау ықылым замандарда «қазақ» ұғымы пайда болған тұстан бері есептеле береді. Алғашқы ақпарат тарату жолдарының, баспасөздің пайда болуы сынды дүниенің барлығы ұлтымыздың санасына, мәдениет пен дәстүріне орай дамып отырды. Десек те, тарихта мәңгілік қалатын баспасөздің алғашқы қарлығаштары ретінде «Түркістан уәлаяты» «Дала уәлаяты» газеттерін білеміз.

«Түркістан уәлаяты» газеті 1870 жылдан бастап, орыс тілінде шығатын «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде айына төрт рет шығарыла бастаған [1.6].

Газеттің редакторлары ретінде – ұлты башқұрт болса да, қазақтың намысын қорғап, сойылын соққан, орыс және Шығыстың көп тілдерінде еркін сөйлеген, генерал-губернатордың тілмашы болған ізгі ниетті азамат Шахмардан Мирасұлы Ибрагимов еді. Ал, бұл басылымның аудармашысы, әрі әдеби қызметкері болып Хасен Жанышев, Заманбек Шайхы Әлібеков, Жүсіп Қазыбековтер жұмыс істеді. Аталмыш баспасөзде ресми және ресми емес 2 бөліктен тұрған. Ресми бөлімде патша өкіметінің бұйрық-жарлықтары жарияланып, үкімдері түсіндірілсе, ресми емес бөлімінде отырықшылық, егіншілік, мал шаруашылығы, сауда, ішкі-сыртқы жағдайлар, әдебиет, мәдениет, білім, ғылым, өнер мен әйел теңдігі мәселелері қаралды.